

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6 ақпандағы N 83 қаулысына
толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 12 наурыз N 342

Маңғыстау облысының өнеркәсіп кәсіпорындары мен бюджеттік ұйымдарының
қаржылық сауықтыру және тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының
Ү к і м е т і қ а у л ы е т е д і :

1. "Маңғыстау облысының өнеркәсіптік кешенін қайта құрылымдау жөніндегі
бірінші кезектегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6
ақпандағы N 83 P980083_ қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Маңғыстау өнеркәсіп компаниясы" акционерлік қоғамын құрсын.";

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Осы акционерлік қоғамы қызметінің қосымша түрі Қазақстан
Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы негізінде банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге асыру болып белгіленсін".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.